Gazet - halyqtyń kózi, qulaǵy hám tili

Shet shuǵylasy

Shet aýdandyq qoǵamdyq-saıası gazeti | Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady | beısenbi, 1 qyrkúiek 2022 jyl №35 (11 025)

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

ӘДІЛЕТТІ МЕМЛЕКЕТ. БІРТҰТАС ҰЛТ. БЕРЕКЕЛІ ҚОҒАМ

Құрметті отандастар!

Қадірлі депутаттар және Үкімет мүшелері!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VII шақырылымдағы Парламенттің үшінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды Парламенттің кезекті сессиясының ашылуымен құттықтаймын!

Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат - бизнес - мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

Енді реформалардың нақты бағдарларына тоқталайын.

БІРІНШІ БАҒДАР. ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ.

Біз экономикамызда қордаланған мәселелерді жақсы білеміз. Мысалы, шикізатқа әлі де тәуелдіміз. Еңбек өнімділігі төмен, инновация жеткіліксіз. Ұлттық табыстың игілігін жұрттың бәрі бірдей көріп отырған жоқ.

Әрине, мұның барлығы - күрделі мәселелер. Бірақ, оны шешудің нақты жолдары бар.

Атап айтсақ, бұл - макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету, экономиканы әртараптандыру және цифрландыру. Сондай-ақ, шағын және орта бизнес пен адам капиталын дамыту, заң үстемдігін орнықтыру. Сондықтан, тың тәсілдер қажет екені сөзсіз.

Экономикалық саясатымыздың негізгі мақсаты еш өзгермейді. Оның мәні - сапалық және инклюзивтік тұрғыдан халықтың әл-ауқатын арттыру.

Жаңа экономикалық бағдарымыздың басты басымдықтары мыналар:

- жеке кәсіпкерлік бастамаларды ынталандыру, яғни, мемлекеттік капитализмнен және мемлекеттің экономикаға шектен тыс араласуынан бас тарту;
- бәсекелестікті дамыту, яғни бәріне бірдей мүмкіндік беру;
- сондай-ақ, ұлттық табысты әділ бөлу.

Мұның бәрі кезек күттірмейтін бірқатар маңызды міндетті шешуді талап етеді.

Бірінші. Бағаны әкімшілік жолмен реттеу тұтас салалардың инвестициялық тартымдылығын төмендетеді. Сондай-ақ, тауар тапшылығын туындатып, елді импортқа тәуелді етеді.

Сондықтан, баға белгілеу ісіне мемлекеттің араласуынан біртіндеп бас тарту керек. Бәсекелік ортасы жоқ нарықтар ғана бұрынғыдай қала береді. Монополистердің тарифтері қатаң бақылауда болады. Бірақ, бақылау жасау орынсыз қысым көрсету деген сөз емес.

Бүгінде мемлекеттік органдардың, соның ішінде күштік құрылымдардың бизнесті тексеруге жаппай кірісіп, бағалар мен тарифтерді төмендетуді талап етуі жиілеп кетті. Құр дақпырт үшін жасалатын мұндай әрекеттерді доғару керек.

Монополияның табысын шектеу қажеттігі мен инфрақұрылымға инвестиция салуды қамтамасыз ету арасында тепе-теңдікті сақтау маңызды. Елімізде электр қуатымен қамтамасыз ететін желілердің үштен екісінің, жылу коммуникациясының 57 пайызының және су құбыры желісінің жартысына жуығының тозығы жеткен. Осыдан-ақ біраз жайтты аңғаруға болады.

Тарифтерді күшпен ұстап тұрудың ақыры соның бәрін кезекпен өшіруге және түрлі апатты жағдайлар туындауына әкеп соқтырады. Осының салдарынан азаматтардың денсаулығына және өміріне қатер төнеді.

➪2-3-4-5-ші беттерде.

Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері

“Қуатты өңірлер - ел дамуының драйвері Ұлттық жобасы” “Ауыл-ел бесігі” бағдарламасы аясында ауданымыздың елді мекендерін көркейту, абаттандыру сияқты халық игілігі үшін талай игілікті істер атқарылып жатыр. Босаға ауылындағы Бектұрсынов көшесінің 1,2 шақырым көше жолын асфальттау үшін 31,425 млн. теңге қаржы бөлініп, бұл жұмысты «Ғимарат-М» ЖШС-і атқарып шықты.

АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫ ДӘН РИЗА

Босаға ауылы тұрғындарының проблемалық мәселелерінің бірі - ауылдағы көше жолдарының сын көтермейтін жағдайы еді.

Әсіресе, ауылдың шығыс бөлігінің жері саз-батпақты болғандықтан, көктем-күз айларында ауыл тұрғындарының жүріп-тұруына қолайсыздық туындайтын.

Осы өзекті мәселенің шешілуін көтерген ауыл әкімінің тарапынан түскен сұранысын назарға алып, елдің өтініштерін тыңдап, тиісті бөлімдерге тапсырмалар беріп, қаражат бөліп, ауыл проблемасының оңтайлы шешілуіне ықпал еткен аудан әкімі Мұхтаров Мұхит Сайлауұлына ризашылығымыз зор.

Өткен жылы ауылдағы ішкі көшелер жарықтандырылып, енді осы көше жолдарына асфальт төселіп, ауылдағы мәселелер біртіндеп шешімін тауып жатыр.

Жол құрылысын жіті бақылап, талапқа сай болуын қадағалап отырған ауыл әкімі Рахметов Қазбек Құрманбайұлына, жолды салған «Ғимарат-М» ЖШС-і ұжымына ауыл тұрғындары атынан алғысымызды айтамыз.

Келешекте, ел басқарып отырған осындай азаматтар ауылдардың көркейіп, гүлденуін басты назарға алып, өзекті мәселелерді шешу жолдарында аянбай еңбек ететініне сенініміз зор. Бастысы еліміз аман, жұртымыз тыныш, тұрақты бейбіт заман болсын!

Босаға ауылының ақсақалдары.

1 қыркүйек - Білім күні



Құрметті ұстаздар! Құрметті ата-аналар!

Күз айының бірінші күні еліміз баршамызға жақын мереке - Білім күнін атап өтеді. Осы күні ата-аналарының, әжелері мен аталарының сүйіспеншілігіне бөленген бірінші сыныпқа баратындар, тағы бір жасқа есейген шәкірттер, өз оқушыларымен кездесуге асыққан ұстаздар, білім ардагерлері - баршасы осы күнді ерекше сезіммен қарсы алады.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев өзінің “Халық бірлігі және жүйелі реформалар - ел өркендеуінің берік негізі” атты халыққа арнаған Жолдауында “Біздің білім беру жүйеміз қолжетімді әрі инклюзивті болуға тиіс. Оқушыларымыз халықаралық пән олимпиадаларының жеңімпаздары мен жүлдегерлері атануда. Осындай дарынды балаларға жан-жақты қолдау көрсету қажет. Біз оларға жоғары оқу орнына түсу үшін конкурстан тыс гранттар береміз. Бір реттік ақшалай сыйақы да төлейміз, балалардың ұстаздарын да моральдық және материалдық тұрғыдан ынталандырған жөн”, - деп атап өткен болатын.

Президент тапсырмасына сәйкес қазіргі заманғы білім беру жүйесіне сәйкес көптеген жұмыстар атқарылуда. Бұл бағытта ауданымызда білім беру мен тәрбиенің сапасын жақсартуға, материалдық-техникалық базаны жаңарту мен кадрлар әлеуетін жетілдіруге және ақпараттандыру деңгейін көтеруге ерекше көңіл бөлініп келеді.

Осынау мереке күні барлық аудан тұрғындарын, ұстаздарды шын көңілмен құттықтай отырып, жас ұрпаққа саналы да, сапалы тәлім-тәрбие беруде жаңа жетістіктерге жете берулеріңізге тілектестік білдіреміз.

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Г.ТҮСІПОВА,
мәслихат хатшысының міндетін атқарушы.